

Бөлім тақырыбы: Батыс елдерінің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы даму ерекшеліктері

Сабақ тақырыбы: Неліктен Ұлыбританияда консерватизм жаңа консерватизммен ауысты?

Оқу мақсаты:

9.3.1.3 - мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау;

9.1.2.2 - әлемнің жетекші және дамушы мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау;

9.3.1.4 – тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау.

Бағалау критерийлері:

- ✓ *Ұлыбританияның соғыстан кейінгі даму жүйесін біледі;*
- ✓ *Неоконсерватизмнің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды;*
- ✓ *М.Тэтчердің енгізген саясатын айқындап, баға береді.*

Ұлыбритания
II дүниежүзілік соғысты
жеңіспен аяқтады. Бірақ
елде экономикалық
дағдарыс белең алды.



Соғыс жылдарындағы
Ұлыбританияның
материалдық шығыны бірнеше
млрд болды. Ұлттық табыстың
25% - ынан айырылды.

Соғыс жылдарында У.Черчилль үкіметінің қолдауына сүйенген консерваторлар, лейбористер мен либералдар коалициясы мемлекет бірлігін күшейтті.



Соғыстан кейінгі Ұлыбритания


Ұлыбританиядағы саяси партиялар:

Лейбористер
партиясы

Консерваторлар
партиясы



1945 жылы парламент сайлауында консерваторлар мен лейбористер арасында саяси тартыс болды. Лейбористер бұл сайлауда белсенділік танытып, көпшілік қолдаған бағдарламаларын ұсынды. 1945 жылы 5 шілдеде өткен сайлауда лейбористер жеңіске жетіп, К.Эттли билікке келді.



1951 жылы өткен
сайлауда
консерваторлар
партиясы жеңіске жетті.
Консерваторлар
1951-1964 жылға дейін
билік басында болды.



1951- 1954 жж. У.
Черчилль



1955-1957 жж. А.Иден




1957-1963 жж. Г.
Макмиллан

Консерваторлар кабинетінің өзекті міндеттерінің бірі – британия ұлттар достығы тобындағы байланыстарды нығайтты.

1952 жылы Еуропаның көмір және болат бірлігі ұйымының құрылғандығын қолдап, Еуропадағы ынтымақтастықты және НАТО ға кіруді жақтады.




Оңтүстік –Шығыс Азия елдері блогына және Бағдад пактісіне кірді.



1956 жылы Суэц каналы аймағына қатысты тартыстың сәтсіздігі А.Иден кабинетінің биліктен кетуіне әкелді.

Г.Макмиллан көпнәсілді ассоциация құрып, ол идеологиялық бағытқа жол ашты.

Ұлыбритания Шығыс және Орталық Африкадағы отарларынан бас тартып, жергілікті қара түсті халықтар өкілдеріне билікті қайтару ниетін білдірді.



1960 жж. Басында Британ отарлары тәуелсіздік алды. 1970 жылдар басында Гонконг, Гибралтар, Белиз аралдары ғана Ұлыбритания отары болып қалды



1980жж. М.Тэтчер ұлттар достығын көпжақты халықаралық ұйымға қосып, құқықтық ұйым ретінде қалыптастырды.

1979-1997жж. аралығында елде консерваторлар партиясы билік жүргізді.

1979 жылы Англияда «Дұрыс көзқарас» аталатын дағдарыстан шығу бағдарламасы ұсынылды. Билікке М.Тэтчер келді. Жаңа саясат «тэтчеризм» деп аталды.



Тэтчеризм саясаты

Мемлекеттік реттеуді шектеу, қаржылық жүйені қайта реттеу

Икемді еңбек нарығын қамтамасыз ету, нарықтық механизмді күшейту

Мемлекеттік компанияларды жекешелендіру, кәсіподақтар ықпалын азайту



Жекешелендіру арқылы бюджетке кәсіпорындар сатудан 29 млрд фунт стерлинг түсті, жылжымайтын мүлікті сату арқылы 18 млрд табыс түсті.

Акция иеленушілер саны 7 проценттен 25 процентке өсті. 1980жж. 1.1. млн отбасы жеңілдікпен пәтер сатып алды.



1990 - 1997 жж. елді Джон Мейджор басқарды. Дж. Мейджор өкіметі шағын бизнесті қолдауды жалғастырды. 1992 жылы шағын бизнестің хартиясы атты заң жобасы енгізілді.



Консерваторлар билігі кезінде мемлекеттің күшейуі жолында жаңа консервативтік бағытты ұстанды. Консерваторлар өкіметі мемлекеттің экономикалық өсуіне ықпал етті. Жұмыссыздар азайып, өнеркәсіп салалары жаңартылды, еңбек өнімділігі артып, кәсіп иелерінің рухы қайта жанданды.



Ұлыбритания сыртқы саясатта АҚШ-ты қолдады. Өз жерінде 160 зымыран болуын мақұлдап, АҚШ тың «ғарыштық соғыс» бағдарламасын жақтады.

Гонконг мәселесінде 1997 жылы Қытаймен ымыраға келді. Батыс Еуропа елдерімен Еуро одақ арқылы саяси, экономикалық байланыстарын нығайтуды қолдайды.

Рефлексия

«ҚҚҚ кестесі» әдісі бойынша бүгінгі сабақтың қызық болған, қиын болған, құнды болған мәліметті жазыңыздар.

Қызық	Қиын	Құнды

Оқу тапсырмасы:
19 тақырыпты оқу.

